

**"KEGOC" Қазақстан электр желілерін басқару компаниясы" ашық акционерлік қоғамының электр желілер объектілері тұрған жер учаскелеріне меншік құқығын ресімдеу туралы**

Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің Өкімі 1999 жылғы 8 желтоқсан N 173-ө  
Қазақстан Республикасы Президентінің "Жер туралы" 1995 жылғы 22  
желтоқсандағы N 2717 U952717\_ заң күші бар Жарлығының 18-бабына және 32-  
б а б ы н ы ң 1 - т а р м а ғ ы н а с ә й к е с :

Ескерту. Кіріспе өзгерді - ҚР Үкіметінің 2000.03.07. N 364  
қ а у л ы с ы м е н . Р 0 0 0 3 6 4 \_

1. Облыс, Алматы және Астана қалаларының әкімдері және Қазақстан Республикасының Жер ресурстарын басқару жөніндегі агенттігі заңдарда белгіленген тәртіппен екі ай мерзімде "Қазақстан электр желілерін басқару компаниясы" ашық акционерлік қоғамының (бұдан әрі - "KEGOC" ААҚ) Қазақстан Республикасы Үкіметінің "Қазақстан Республикасының энергетикалық жүйесін басқаруды құрылымдық қайта құру жөніндегі кейбір шаралар туралы" 1996 жылғы 28 қыркүйектегі N 1188 және "KEGOC" электр жүйелерін басқару жөніндегі Қазақстан компаниясы" акционерлік қоғамының қызметін жандандыру жөніндегі кезек күттірмейтін шаралар туралы" 1997 жылғы 4 тамыздағы N 1210 қаулыларының негізінде "KEGOC" ААҚ-ның жарғылық капиталына берілген электр желілері объектілері, ғимараттар мен құрылыстар тұрған жер учаскелерін төлем алусыз " KEGOC" ААҚ-ның меншігіне беруді қамтамасыз етсін.

Ескерту. 1-тармақ өзгерді - ҚР Үкіметінің 2000.03.07. N 364  
қ а у л ы с ы м е н . Р 0 0 0 3 6 4 \_

2. Қазақстан Республикасының Жер ресурстарын басқару жөніндегі агенттігі заңдарда белгіленген тәртіппен осы өкімнің 1-тармағына сәйкес берілетін жер учаскелеріне меншік құқығы актілерін ресімдеуді және оларды бағалауды жүргізісін.

3. Қазақстан Республикасының Энергетика, индустрия және сауда министрлігі заңдарда белгіленген тәртіппен "KEGOC" ААҚ-ның жарғы капиталын осы өкімнің 1-тармағына сәйкес берілетін жер учаскелері бағасының құнына ұлғайту жөнінде ш а р а л а р қ о л д а н с ы н .

4. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігі заңдарда белгіленген тәртіппен "KEGOC" ААҚ-на берілетін жер учаскелеріне арналған меншік құқығына мемлекеттік тіркеу жүргізісін.

5. Осы өкімнің орындалуын бақылау Қазақстан Республикасының Қаржы

министрлігіне жүктелсін.

Премьер-Министр

Оқығандар:

Қобдалиева Н.М.

Орынбекова Д.К.

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК